

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

«Журналистика» кафедрасында атқарылған тәрбие

жұмыстарының жарты жылдық

ЕСЕБІ

**2024-2025 оқу жылының алғашқы жартысында атқарылған
тәрбие жұмыстарының
ЕСЕБІ**

Ағымдағы оқу жылы табысты басталды. Университетіміз жаңа оқу жылын тың бастама, ерекше қарқынмен бастады. Университеттің бастамалары факультетіміз деңгейінде сәтті жүзеге асырылуда. Айта кетерлігі, ағымдағы оқу жылының басында Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің басшылық құрамы өзгерді. Бұл өзгеріс – факультет жұмысына оң әсерін тигізді. Факультет деңгейіндегі жұмыстар сапалы дәрежеде жалғасын тапты. Факультетіміздің құрамдас бөлігі ретінде «Журналистика» кафедрасы да даму бағыттарына өзіндік үлесін қосып келеді.

Жаңа 2024-2025 оқу жылы басталған кезеңде Университетіміздің Стратегиялық даму жоспары мен Факультетіміздің Тәрбие жоспарының негізгі бағыттары басшылыққа алынып, кафедра жоспары жасалды. Кафедраның тәрбие жұмыстарының жоспары негізгі алты бағыт бойынша түзілді. Негізгі алты бағыт: **1) Ұлттық-патриоттық тәрбие бағыты, 2) Азаматтық-құқықтық тәрбие бағыты, 3) Рухани, адамгершілік тәрбие бағыты, 4) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты, 5) Көркемдік-эстетикалық тәрбие бағыты және де 6) Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру бағытынан** құралған.

Төменде аталмыш алты бағыт бойынша атқарылған жұмыстардың қысқаша есебі көрсетілген.

- **Ұлттық-патриоттық тәрбие бағыты** бойынша, 25.09.2024 ж. күні білімгерлер ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы Отарбаев мырзамен кездесуге қатысты. Келелі басқосуда ұлттық идеология, мемлекеттік саясат және де жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру мәселесі қозғалды. Мемлекет басшысының кеңесшісі елімізде өтетін референдумның маңызын түсіндірді. Жиын барысында студенттер сауалдарын жолдап, ой-пікірлерін ортаға салды.

30.10.2024 ж. күні кафедраның ұйымдастыруымен №5 жатақхананың оқу залында «Қазақстан – түбі бір түркілердің қара шаңырағы» тақырыбында мәдени-танымдық кеш өткізілді. Басқосуға арнайы шақырылған мамандар сөз сөйлеп, келелі әңгіме жүргізді. Жиын барысында Түркі әлемі мен еліміздің қазіргі жағдайы талқыланды. Ұлттық тәрбие мәселесі сөз болып, пікірталас өрбіді.

- **Азаматтық -құқықтық тәрбие бағыты** бойынша, 20.11.2024 ж. күні университетіміз базасында «Заң мен тәртіп. Экономикалық қауіпсіздік: қаржылық сауаттылықты арттыру және тәуелділікпен күрес» тақырыбында республикалық форум өтті. Білімгерлеріміз форумның шымылдығын түрген флэшмобқа қатысып, жастардың қолдауын жеткізді.

- **Рухани, адамгершілік тәрбие бағыты** бойынша, 04.11.2024 ж. күні маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, университетіміздің 2003-2007 жылдардағы президенті, ҚР ҰҒА академигі Серік Жайлауұлы Пірәлиевті еске алуға арналған жиын өтті. Еске алу шарасы барысында тұғырлы тұлғаның ғибратты ғұмыры мен қызметіне арналған «Сана биігіне самғау» деректі фильмі көрсетілді. Серік Жайлауұлының әріптестері мен шәкірттері сөз сөйлеп, естеліктерін ортаға салды.

- **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты** бойынша, университетіміз студенттері арасында өтетін дәстүрлі спартакиадаға білімгерлеріміз белсенді қатысты. Факультетаралық XXXIII-ші дәстүрлі спартакиадаға 9 команда қатысып, бақ сынады. Салауатты өмір салтын насихаттау, жастар арасындағы достықты нығайту бағытын ұстанатын спартакиаданың жоғары деңгейде өтуіне білімгерлеріміз белсенді үлес қосты.

- **Көркемдік-эстетикалық тәрбие бағыты** бойынша, 24.09.2024 ж. күні «Менің

жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды. Еңбек күніне орай өткен сынып сағатына кафедраның ардагер ұстазы, ф.ғ.к., профессор Бекжігіт Кенжебекұлы Сердәлі арнайы қонақ болды. Ардагер ұстаз сынып сағаты барысында білімгер шәкірттерге еңбек жолын баяндап, сала бойынша қажетті бағыт-бағдар берді. Білімгерлер сынып сағатының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтіп, тәрбиелік маңызы айрықша болғанын жеткізді.

30.10.2024 ж. күні «Журналистика» мамандығының түлегі Мақпал Патеновамен кездесу ұйымдастырылды. Қазіргі таңда аудандық «Жаңақорған тынысы» газетінің жауапты хатшысы қызметін атқаратын Мақпал Мархабайқызы болашақ журналистерге қажетті дағдылар бойынша дәріс оқыды. Тәжірибелі маманмен жүздесу сырласу бағытында өрбіп, шәкірттер эстетикалық бағытта да қажетті кеңестер алды.

- **Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру бағыты** бойынша, ағымдағы жылдың 16.10.2024 ж. күні университетіміздің түлегі, «Азаттық» радиосының тілшісі Нұргүл Тапаевамен кездесу ұйымдастырылды. Білімгерлеріміздің тәжірибесін арттыруға бағытталған кездесуді кафедра басшылығы ұйымдастырып, PhD, профессор М.Ергебеков модератор болды. Жүздесу барысында құрметті қонақ Н.Тапаева өз тәжірибесін бөлісіп, білімгерлердің сұрақтарына жауап берді. Ақпарат айдынында білікті маман ретінде қалыптасуға қажетті дағдыларды түсіндірді.

29.11.2024 ж. күні кафедра оқытушылары мен студенттері облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 100 жылдығына арналған алқалы жиынға қатысты. Ғасырлық басылымның мерейтойы жоғары деңгейде өтті. Оқытушылар мен білімгерлер ақпарат саласының үздіктерімен дидарласып, қажетті кеңестер алды.

29.11.2024 ж. университетімізде «Қазақша контент. Жеке имидж қалыптастыру. Неден бастау керек?» тақырыбымен танымал журналист Нұрсұлтан Құрманның шеберлік сабағы өтті. Қазақ тілінде онлайн-контент контент жасаушылардың форумы аясында ұйымдастырылған аймақтық тренингке кафедра оқытушылары мен студенттері қатысты. Шеберлік сабағында медиа кеңістіктегі тың өзгерістер баяндалып, жаңа дағдыларды игеру бойынша бағыт-бағдар берілді.

**«Журналистика»
кафедрасының тәрбие жұмыстары
секциясының жетекшісі,
PhD, аға оқытушы**

М.Байболов